

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңдарына, Запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидасына сәйкес дайындалды.

2. Қолданылуы

Бұл нұсқаулық әскери кафедраның оқытушысына арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Әскери кафедраның оқытушысы міндетті:

3.1.1. ҚР МЖМБС тиісті мамандықтарда көзделген деңгейден төмен емес сапалы білім, шеберліктер және дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін оқу жүктемесінің белгіленген нормалары шегінде кемінде 3-5 пән бойынша оқу сабақтарының барлық түрлерін тиісті әдістемелік және ғылыми деңгейде өткізуге;

3.1.2. Талаптарға сәйкес білім беру және ғылыми-техникалық қызмет көрсету жүйесін, оқу-әдістемелік құжаттаманы енгізуді, тиімді жұмыс істеуін, тұрақты жетілдіруді қамтамасыз етуге, студенттердің талдамалық және сыни ойлауын дамытуға бағытталған оқу материалдарының 10-15% - ын жыл сайын жаңартып отыруға;

3.1.3. Үнемі кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға, кафедраның басшылық құрамы және аға оқытушылардың сабақтарына қатысу арқылы педагогикалық шеберлігін жетілдіруге, біліктілігін арттыруға, өндірістегі тағылымдамадан өтуге, өздігінен білім алуға және т.б.;

3.1.4. ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес кафедрада білім беру сапасын жоспарлау, ұйымдастыру және бақылаудың негізгі және қосалқы процестеріне, сабақтар журналы мен аттестаттау парақтарындағы әр студенттің оқу жетістіктеріне тұрақты мониторинг жүргізуге, талдауға және түзетуге;

3.1.5. Студенттердің өзіндік жұмыстар мен жеке тапсырмаларды орындауын қамтамасыз етуге;

3.1.6. Университет әкімшілігі мен кафедра бұйрықтарының, шешімдерінің, өкімдерінің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге;

3.1.7. Оқу тобының тәлімгері ретінде студенттер арасында тәрбие және әскери-патриоттық жұмыс жүргізуге, кафедраның ғылыми жұмысы мен қоғамдық іс-шараларына қатысуға;

3.1.8. Студенттерде оқулықтармен, арнайы, ғылыми әдебиеттермен, оқу құралдарымен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, өз бетінше эксперимент жүргізуге және алынған нәтижелерді жинақтауға үйретуге;

3.1.9. Педагогикалық этика нормаларын, Жарғыны, ішкі тәртіп Ережесін, еңбек қорғау нормасы мен қауіпсіздік техникасын сақтауға;

3.1.10. Оқу үдерісінің, оқу құрылымдық бөлімшелері құралдарының және зертханалардың материалдық-техникалық базасының нығаюына, дамуына, қамтамасыз етілуіне, жетілдірілуіне байланысты шараларды дайындауға және жүзеге асыруға белсенді қатысуға;

3.1.11. Нарядтың кестесіне сәйкес кафедрада кезекшілік атқаруға;

3.1.12. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілерінің әскери киім нысанын киіп жүру және айырым белгілерін тағып жүру қағидаларының талаптарына сәйкес әскери киім нысанын киіп жүруге;

3.1.13. Салауатты өмір салтын ұстануға және оны студенттер арасында насихаттауға;

3.1.14. Бекітілген аудиторияның ішкі көрінісі мен жағдайын көрнекі құралдармен ресімдеуге, сабақтарға арналған жабдықтар мен аспаптарды дұрыс күйде сақтауға.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1.Әскери кафедраның оқытушысы Басқарма төрағасының – ректордың бұйрығымен тағайындалады;

3.2.2.Әскери кафедраның оқытушысы тікелей цикл бастығына бағынады.

3.3. Әскери кафедрасының оқытушысы білуі қажет:

3.3.1.ЖОО педагогикалық қызметкерлерінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңдарын, ҚР ҚМ бұйрықтарын және басқа да білім беру жүйесінің қызметі мен дамуын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді;

3.3.2.Кафедраның өте шұғыл мерзімге даму перспективасын дамытудың басым бағыттары мен оларды жүзеге асырудың негізгі шараларын;

3.3.3.Кафедраның мамандықтары бойынша ҚР-ның жоғары білімінің мемлекеттік стандарттарын;

3.3.4.Оқу, ғылыми-әдістемелік, тәрбие және әскери-патриоттық жұмыстарды орындаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін;

3.3.5.Кредиттік оқыту жүйесі бойынша оқу процесін ұйымдастыру технологияларын, оқытудың интерактивті және ақпараттық технологиялары формалары мен әдістерін;

3.3.6.Білім қызметі сапасының ішкі және сыртқы мониторингінің ережесі мен процедурасына қойылатын негізгі талаптарды;

3.3.7.Білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін;

3.3.8.Оқу жоспарларын дайындау тәртібін, сондай-ақ оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін;

3.3.9.Педагогика, физиология, психологияны және кәсіптік білім беру әдістемесін, сондай-ақ студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі формалары мен әдістерін;

3.3.10.Жарғыны, университеттің ішкі тәртіп Ережелерін және орындалатын жұмыс мәселелері бойынша ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттарды;

3.3.11.Осы лауазымдық нұсқаулықты;

3.3.12.ҚР Еңбек кодексін;

3.3.13.Еңбек қорғау ережелері мен нормаларын, өртке қарсы қауіпсіздік техникасын.

3.4. Біліктілік талаптары:

3.4.1.Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі және кемінде 10 жыл әскери қызмет өтілі, теріс емес себептер бойынша әскери қызметтен шығарылған болуы тиіс;

3.4.1.Әскери кафедраның оқытушысы құзыреттілігіне кіретін мәселелердің барлығынан хабардар болуы, жауапкершілік, адамдармен жұмыс істей білу қабілеттерінің болуы;

3.4.2.Мемлекеттік тілді іскерлік деңгейде білуі және дербес компьютерде жұмыс істей білуі;

3.4.3.Үнемі өзінің біліктілік деңгейін арттыруы тиіс.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1. Әскери кафедраның оқытушысы жауапты:

4.1.1.Осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде анықталған нормалар шегінде;

4.1.2.Өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін - Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде;

4.1.3.Материалдық залал келтіргені үшін - Қазақстан Республикасының еңбек, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде.

4.2. Әскери кафедраның оқытушысы өкілетті:

4.2.1.Кафедраның алқалық басқармасының профессорлық-оқытушылар құрамының қызметтеріне қатысты сұрақтар талқыланатын және шешілетін жұмыстарына қатысуға.

4.3. Әскери кафедраның оқытушысы құқылы:

4.3.1.ЖОО-ның басшылығымен өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға қажетті жағдаймен қамтамасыз етілуге;

4.3.2.ҚР МЖМБС шарттарын сақтап, педагогикалық қызметті ұйымдастыру формасы мен әдісін еркін таңдауға;

4.3.3.Ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбын еркін таңдауға және оның қорытындысын педагогикалық тәжірибеде қолдануға;

4.3.4.Кәсіби біліктілік деңгейін жоғарылатуға;

4.3.5.Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын алуға;

4.3.6.Кәсіби абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

4.3.7.Зияткерлік меншігін қорғауға (ғылыми, әдістемелік еңбектерін, патенттер, және т.б.);

4.3.8.Педагогикалық және ұйымдастырушылық қызметтегі жетістігі үшін материалдық және моральдық жағынан көтермелеуге.

5.Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;

ҚР «Білім туралы» Заңы;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңы 11.07.1997 ж. № 151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы 16.02.2012 ж. № 561-IV;

ҚР Қорғаныс министрінің «Запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы 24.07.2017 ж. № 375;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ 2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы» 22.05.2019 ж.;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» Жарғысы;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» ішкі тәртіп ережесі;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» нормативтік құжаттары.